

Ж.Ә. Батырханова, Г.А. Саяқбаева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республика, Алматы қ.
e-mail: zhazira.batyirkhanova@mail.ru, gulzhayna_sayakbaeva@mail.ru

ОРАП-ҚАПТАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

Орап-қаптау саласы әлемдік экономикада маңызды орындардың біріне ие. Мақалада өндірістің және қоғамның дамуына байланысты, орап-қаптау технологияларының дами түскендігі және жаңа классификациялық белгілері пайда болғандығы туралы жазылған. Дегенмен, тәжірибе көрсетіп отырғандай, отандық бұйымдарды орап-қаптау көбіне халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді. Сол себепті, қазақстандық тұтынушылар мен өндірушілер үшін, орап-қаптау үдерісі көкейкесті мәселелердің бірі болып отыр. Авторлар Қазақстандағы қазіргі тұтынушылық орап-қаптау нарығын және оның мәселелерін, артықшылықтары мен кемшіліктерін дамыған алып елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, кешенді зерделеуді басты мақсат тұтқан. Сонымен қатар, аталған қызметтерді Қазақстанда одан әрі дамыту бойынша бірнеше ұсыныстар қарастырған.

Мақала ЖОО оқытушыларына және студенттер мен жас ғалымдарға, сондай-ақ полиграфия саласының мамандарына таптырмас құрал бола алады.

Түйін сөздер: кітап, орап-қаптау өнімі, баспа өнімдері, 3D-принтер, Corel Draw, дизайн.

Ж.А. Батырханова, Г.А. Саяқбаева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Республика Казахстан, г. Алматы,
e-mail: zhazira.batyirkhanova@mail.ru, gulzhayna_sayakbaeva@mail.ru

Процесс упаковки и тенденции развития

Сфера упаковочной продукции является одной из важных в мировой экономике. В статье описана эволюция упаковочных технологий, появление новых признаков ее классификаций в связи с развитием общества и производства. Однако, как показывает опыт, упаковочный процесс отечественной продукции не соответствует международным стандартам, что и является одной из актуальных проблем для казахстанских потребителей и производителей. Главной целью статьи является исследование нынешнего потребительского уровня упаковочной продукции, опыта развитых стран, изучение преимуществ и отрицательных сторон. А так же предложены некоторые рекомендации для улучшения развития вышеуказанной услуги в Казахстане.

Статья может являться вспомогательным материалом для пособия для студентов вузов, молодых ученых, а так же специалистов в сфере полиграфии.

Ключевые слова: книга, упаковочная продукция, печатная продукция, 3D-принтер, Corel Draw, дизайн.

Zh.A. Batyrkhanova, G.A. Sayakbaeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: zhazira.batyirkhanova@mail.ru, gulzhayna_sayakbaeva@mail.ru

Packaging process and its development trends

The sphere of packing process is one of the most important in the world economy. In this article you can read about development of packing technologies, appearance of its new indications of its classification in development of society and production. However, the packing process of home-produced production is do not conform with international standarts. That is why it is one of the actual problems of Kazakhstani consumers and producers. The main aim of the author is searehing of nowadays market of packing production, searching of its advantages and disadvantages reiyng on experience of developing countries. Also, there are some offers for development of this problem in our country. This article can be irreplaceable textbook for students of universities and young scientists, also can be used for experts in printing industry.

Key words: book, packaging products, printed products, 3D-printer, Corel Draw, design.

Кіріспе.

Орап-қаптау саласы әлемдік экономикада маңызды орындардың біріне ие. Дамыған елдерде орап-қаптау бизнесі өндіріс көлемі сияқты, ондағы халықтың жұмыспен қамтылуы жағынан ірілердің қатарына кіреді. Орап-қаптау тауардың қауіпсіздігін және қоршаған ортаны ластаудың, сондай-ақ тауардың бүлінуі мен жоғалуының қауіпсіздігін қамтамасыз ететін әдіс. Орап-қаптаудың қосымша функциясы – бұл тауарлардың түрлі-түсті безендірілуі. Бұл жағдайда ол тұтынушылардың және маркетингтік компаниялардың өз алдына қызығушылығын тудырады.

Эксперименталды бөлім. Орап-қаптауға көшпес бұрын, ең алдымен, оның қай мақсатта қолданылатынын анықтаған жөн. Өте бағалы, құнды ірі форматтағы басылымдарды орап-қаптауға келгенде әр данаға ерекше көңіл бөліп, оларды жеке-жеке қаптау керек. Мейлі ол ірі тапсырыс берушіге арналсын, мейлі қоймаға апарылса да оған аса ыждағаттықпен келген жөн. Жекелеп қаптаудың ерекшелігі, ол тапсырыс берушіге дейін барар жолда басылымның еш кедергісіз, жаңа күйінде сақталып, жетуіне ықпал етеді. Бірден көптеп орап-қаптаудың да өз артықшылықтары бар, мысалы, ол оңай әрі жылдам атқарылады. Себебі, оларды топтастырып алып, өндірушінің қоймасынан тапсырыс берушінің қоймасына дейін бірден жібереді. Ал шетелге өнімді асыру үшін олардың орап-қаптауға деген талаптары өте күрделі әрі қаталдау, сол кезде ғана қиындықтар туындауы мүмкін.

Баспа өнімдерін безендірудің әрі оларды орап қаптаудың теориясы мен тәжірибесін меңгерген әрбір маман XX ғасырдан қазіргі кезеңге дейінгі дизайн түрлерін, оның қалыптасу үлгілерін біліп, баспа өнімдерін безендірудегі композиция негіздерінің тарихын, қалыптасуы мен дамуына қатысты теориялық білім қажеттіліктерін игеруді талап етеді. Қазақстандағы баспа өнімдерін орап-қаптаудың дамуы, оның ішіндегі түрлі кітаптар мен қағаз немесе журнал, түрлі тамақ өнімдерін даярлау, көне дәстүрлі тәсілдермен орындалатын арнайы озық техникалардың болмауынан туындаған еді. Уақыттың жеткіліксіздігі мен жұмысшы санының шектелуі көптеген қиыншылықтарды тудыратын. Оларға нақты тоқталар болсақ, осыған дейін өткен замандарда барлық жұмыстар қолмен атқарылды. Түрлі сапалы принтерлердің жоқтығы, түстік гаммалардың қолжетімсіздігі баспа өнімдерін механикалық жолмен дайындауға мәжбүр етті. Ал қазіргі көптеген техникалық үздіксіз даму сатыларының нәтижесінде көптеген мүмкіндіктерге ие болып отырмыз. XXI ғасыр заманауи техникалардың қалыптасуына байланысты, түрлі баспа машиналары озық технологиялармен қамтамасыз етіліп, баспаханада қолданысқа жіберілген болатын. Олардың алғашқы қолданысқа шыққан түрлері әуелі техникалық сауаттылығы едәуір дамыған Германия, Франция, Жапония сияқты озық мемлекеттерден жасалынып шыққан. Қағаз өнімдерін орап-қаптау техникаларының нарығындағы негізгі басымдылық – бұл Германия, Франция, Швеция болып табылады. Швейцарияның жетекші жабдықтаушыларының заманға сай, жоғары технологиялық жабдықтарына тиесілі. Оған қоса, біздің отандық мамандарымыз өңделген талшыққа негізделген ең үздік шығыс-еуропалық өндіріс практикаларын қолдануда. Осыған байланысты ескі дәстүрлі тәсілдердің қиындықтары техникалардың дамуына байланысты жеңілдеп роботтық тиімді оңай жолдары шешімін тапқан болатын. Сонымен қатар Дизайн бағыттарындағы компьютерлік бағдарламалар да жаңа негізде қалыптаса бастады. Олардың ішіне компьютерлік графикалық corel draw, adobe photoshop, adobe indesign бағдарламалары енеді. Бұл аталған бағдарламалар арқылы баспа өнімін безендіріп, олардың көлемін, сапасын, түрі мен түсін реттеуге болады. Әрі баспа шығармашылығын зерттеп, кітап безендірудің түрлі ерекшеліктерін айыра білу тәжірибелік қажеттіліктерді игеріп, олардың ішіндегі орап-қаптаудың ерекшеліктерін меңгеріп, теориялық шеңберде практикалық негіздерін біліп алудың маңызы орасан зор.

терге ие болып отырмыз. XXI ғасыр заманауи техникалардың қалыптасуына байланысты, түрлі баспа машиналары озық технологиялармен қамтамасыз етіліп, баспаханада қолданысқа жіберілген болатын. Олардың алғашқы қолданысқа шыққан түрлері әуелі техникалық сауаттылығы едәуір дамыған Германия, Франция, Жапония сияқты озық мемлекеттерден жасалынып шыққан. Қағаз өнімдерін орап-қаптау техникаларының нарығындағы негізгі басымдылық – бұл Германия, Франция, Швеция болып табылады. Швейцарияның жетекші жабдықтаушыларының заманға сай, жоғары технологиялық жабдықтарына тиесілі. Оған қоса, біздің отандық мамандарымыз өңделген талшыққа негізделген ең үздік шығыс-еуропалық өндіріс практикаларын қолдануда. Осыған байланысты ескі дәстүрлі тәсілдердің қиындықтары техникалардың дамуына байланысты жеңілдеп роботтық тиімді оңай жолдары шешімін тапқан болатын. Сонымен қатар Дизайн бағыттарындағы компьютерлік бағдарламалар да жаңа негізде қалыптаса бастады. Олардың ішіне компьютерлік графикалық corel draw, adobe photoshop, adobe indesign бағдарламалары енеді. Бұл аталған бағдарламалар арқылы баспа өнімін безендіріп, олардың көлемін, сапасын, түрі мен түсін реттеуге болады. Әрі баспа шығармашылығын зерттеп, кітап безендірудің түрлі ерекшеліктерін айыра білу тәжірибелік қажеттіліктерді игеріп, олардың ішіндегі орап-қаптаудың ерекшеліктерін меңгеріп, теориялық шеңберде практикалық негіздерін біліп алудың маңызы орасан зор.

Нәтижелері.

Орап қаптаудың негізгі техникалары мен жасалу тәсілдері баспахана кеңселерінде жүргізілетін болғандықтан, баспаханадағы техникалардың жұмыстарын меңгере отырып баспа өнімін дайындау жолдары жүзеге асырылады. Олардың ішіндегі кітап мұқабасының сыртқы қабы “супер обложка” немесе түрлі тұрмыстық жабдықтардың және тамақ өнеркәсібінің қаптарын орап қаптаудың сыртқы пішіні мен эргономикасы түрлі көркемдік тартымды талаптарға сай болуы қажет. Сондықтан да, оларды дайындап жасаудағы қажеттілік туғызатын басты техника компьютерлік графикалық Corel Draw бағдарламасы айырықша қызмет атқарады. Мұндағы ішкі композиция негіздерінің үлгілері, оның көркемдігін арттырудағы дизайнер сауаттылығы, эстетикалық талғамы, мұқабаның тәрбиелік

көзқарасын қалыптастырады. Орап қаптауға қатысты орындалатын бағдарламалардың бірі – Corel Draw компьютерлік бағдарламасы. Бүгінде ол үлкен сұранысты талап ететін графикалық бағдарламалардың бірі болып есептеледі. Сол үшін де орап-қаптаудың түрі, түрлі пішіндердегі өнімдердің көлемін даярлап, математикалық дәлдік пен компьютерлік бағдарламалар тәсілімен өлшеніп дайындалады. Дәл қазіргі уақытта Corel Draw бағдарламасы түрлі графикалық суреттерді түрлендіріп, көптеген фирмаларға немесе басқа да газет-журналдарға өзіндік таңба (логотип) дайындап құрастырады. Сонымен қатар, Corel Draw кез келген шақыру қағаздар мен жарнамалық билеттерді және кітап мұқабаларын және көптеген өнімдердің сыртқы қаптарын бір фирмалық стильде жасайды. Бағдарлама ерекшелігі кез келген форматта сурет көлемін кішірейтпей сапалы дайындайды.

Corel Draw – көптеген беттерден тұрады. Оны түрлі сызықтармен қатар, суреттермен толтырып немесе жойып, оның орындары мен атын өзгертуге болады. «Свиток – вкладка» арқылы эффектерді: бұрылыстарды, айналуларды, түсте өзгертуді, кішірейтіп және үлкейтуді, сондай-ақ түзу сызықтармен қисық сызықтарды құрастырып құру үшін, аспаптардың қосымша панелі қызмет атқарады.

Бүгінгі таңда Corel Draw бағдарламасы отанымызда дизайнерлер арасында кеңінен пайдаланылады. Мәселен, белгілі бір тамақ өнеркәсібіне байланысты келіп түскен тапсырысты дайындау барысында, көркемдеуші дизайнер аталған бағдарламамен әуелі оның көркемдік жағын дайындап алуы тиіс. Содан кейінгі орындалатын басты технологиясы полиграфиялық өнім ретінде дайындалып, оның орап-қапталуы жүзеге асырылады. Арнайы принтерлермен толық орындалып болғаннан кейінгі қорап пен қорапшасының үлгісі дайын өнім болып қолданысқа беріледі. Сондықтан, оның көркемдік қызметін атқаратын аталмыш бағдарлама – Corel Draw бағдарламасы болғандықтан, әуелі әрбір баспа өнімі басылымға дейін осы бағдарламаның қызметіне жүгінеді. Бірақ заман талабына сай көптеген қол жетімді бағдарламалар пайда болып, соның арқасында дизайнерлерге үлкен қолжетімділік туындап отыр. Тағы бір айта кетерлік маңызды қызметтерінің негізгі заңдылықтары композицияның көркем қалыптасуы есепке алынады, оның толық пішінінің қалыптасуы жүзеге асырылуы тиіс. Қазіргі кезеңдегі даму жағдайын қамтитын мағлұматтар орап қаптаудың өзіндік

ерекшеліктерін айқындауды қажет деп табады. Мәселен, композициялық ерекшеліктерін негізге алатын болсақ, мысал ретінде көптеген орап қапталатын өнімдердің, оның ішінде шоколад қаптарының дайындалуын мысал етіп қарастыруға болады. Аталған бағдарламалар олардың көркемдік жобаларына қызмет ететін болса, ал кейінгі қалған тапсырмалар олардың пішініне жауапты қызметтерді жүктейді. Яғни, олардың қағаздары мен материалдарына жауапкершілік жұмыстарын жүзеге асырады.

Орап-қаптаудың Қазақстандағы, тіпті әлем нарығындағы ең үлкен қол жеткен жетістігі озық дамыған техникалардың соңғы үлгісі «3D-принтер» деген атпен белгілі болған құралдың бүкіл әлемде үлкен жаңалық тудырып, қоғамдық талқыға айналуы және оның соңғы жылдары қарқынды түрде дамуы, ғылым жетістіктерінің біріне айналды. Бұл технология әлемдік экономикада ірі жаңалықтар жасап, қалыптасқан мануфактура тәртібі мен әлемдік саудадағы тепе-теңдікті өзгертіп жіберуі мүмкін екенін ғалымдар алға тартып отыр. 3D-принтер компьютердегі үш өлшемдік суреті бар файлдарды қабылдап, пластик, смола, керамика, металл, тағы басқа материалдардың қабаттарын бір-бірінің үстіне жинап, одан тауар жасап шығарды. Инженерлер мен дизайнерлер автоматтандыру түпнұсқаны жасау үшін осы технологияны ондаған жылдардан бері пайдаланып келеді. 3D-принтер арқылы жасалған көптеген құрамалы бөлшектер және біз негізге алып отырған орап қаптауға қатысты баспа өнімдерін даярлау, ғылымның ең озық ойлап тапқан жетістігі осы аталмыш 3D-принтер арқылы қолданылады.

Орап-қаптауға бояуларды безендіріп жағу үшін, Ресейдің Минздрав органдарымен рұқсат етілген бояғыштар қолданылады. Ең қауіпсіз – әйнекті және маталы тара, ал қауіптісі – металдық және полимерлі таралар болып саналады. Ораманың сенімділігі – механикалық қасиеттердің сақталу қасиеті немесе белгілі уақыт аралығында герметикалығы. Осы қасиетке байланысты орама тауарлардың сақталуын қамтамасыз етеді.

Орап-қаптау ұйымын құру бойынша әлемдік тәжірибені талдауды орап-қаптаудың сәтті дамып отырған нарығы бар бірнеше ел мысалында қарастыруға болады. Ол – Үндістан, Германия, Польша, Түркия, сондай-ақ бірқатар ТМД елдері. Бұл бума нарығын дамытуда ұқсас бастапқы шарттарға ие Ресей, Белоруссия мен Украина. Үндістанның орап-қаптау индустриясы даудың үлкен перспективаларына

ие болып отыр. WPO зерттеулерінің нәтижесі бойынша Үндістан орап-қаптау нарығы прогрессивті түрде дамып отырған 15 өте сәтті мемлекет қатарына кіреді. Үндістан орап-қаптау индустриясының тым қарқынды дамуын 1993-2014 жж. оның қалыптасу кезеңі аяқталғанда алды. Кейінгі 5 жыл ішінде ол қарқынды түрде дами бастады және 2013 ж. қорытындысы бойынша бұл ел орап-қаптау нарығындағы 15 әлемдік лидер-елдерінің қатарына кіріп үлгерді. Одан бөлек, Үндістанның орап-қаптау индустриясы қарқынды түрде даму үстінде – зерттеліп отырған нарықтың өсу үрдісі бойынша Үндістан тек Түркиядан қалыс қалуда және Польшадан сәл ғана ілгері келе жатыр. Ал орап-қаптау өндірісінің көлемі бойынша осы екі елді айтарлықтай озып келеді. Үндістанда орап-қаптауға қатысты әр түрлі заңнамаларды қабылдауы тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған. Үндістанның орап-қаптау индустриясын реттеу жүйесі міндетті нормаларға және ерікті стандарттар болып бөлінеді. Үндістанның орап-қаптау индустриясындағы реттеуші мемқұрылымдарға Тағам және азаматтық қамтамасыз ету министрлігі, Тағам өңдеуші өнеркәсіп министрлігі, Ауылшаруашылық министрлігі, Денсаулық сақтау және отбасылық ауқаттылық министрлігі, Сауда министрлігі, сондай-ақ Тұтынушылар істер министрлігі жатады. Орап-қаптаудың үндістандық стандарттарына сай жеке тауарлар тек белгілі күйде өлшенуі және сатылуы тиіс. Балалар тағамы, печенье, май, маргарин, ботқалар, бұршақтар сынды тағамдар тек белгілі мөлшерде ғана буып-түйіледі. Сонымен қатар, әр түрлі нормативтік-құқықтық актілер бөлшек саудаға келіп түсетін тауардың бумасында немесе этикеткасында орналастырылатын ақпарат сапасына қойылатын қосымша талаптарды қояды. Сөйтіп, әр өнімде өндіруші және орап-қаптаушы, түрі және тауар саны, сондай-ақ өндіру және жинау орны мен уақыты көрсетілуі тиіс. Үндістанда орап-қаптау саласына қатты көңіл бөлінеді. Елде қызметі тиісті индустрияны қолдауға бағытталған жеткілікті ұйымдар бар. Үндістанның орап-қаптаушы негізгі бірлестіктеріне мына қауымдастықтарды жатқызуға болады: Үндістан картон бумасын өндірушілер қауымдастығы, гофроқораптарды өндірушілердің федеративті қауымдастығы, Жалпыүндістандық тегіс ленталар өндірушілер қауымдастығы, Гуджар пластмасс өндірушілерінің мемлекеттік қауымдастығы, Жалпыүндістандық шыны өндірушілер федерациясы, Қаңылтыр буманы дамыту жөніндегі кеңес, Батыс Үндістан гофроқораптар

өндірушілер қауымдастығы, сондай-ақ Үндістан орап-қаптау Институты.

Үлкен партиялардағы жекелеп орап-қаптау үдерісі арнайыландырылған қаптамаға оралуы мүмкін. Олардың түрлері: қолдан жасалған қаптар, картоннан жасалған қаптар, термоқапталған пленкалар, екі жағы ленталармен бекітілетін арнайы ашықхаттар сәйкесінше басылым көлемдеріне байланысты әр түрлі болып келеді.

Термоқапталған пленкалар кітапты жан-жағынан орап қыздырылады, салқындаған кезінде кітаптың пішініне сәйкестендіріліп бекітіп тастайды. Қаптаудың бұл түрі кітапты сыртқы әсерден болатын зақымдаулардан сақтайтын жақсы материалдардың бірі. Дегенмен, бұл пленкалар қатты мұқабамен шыққан басылымдардың корешогын қорғауға әлсіз. Термоқапталған пленкалар кітап дүкендерінің сөрелерінде тұратын кітаптарға арналған. Тұтынушының саусақтарынан келетін ластан, шаңтозаннан қорғап тұрады.

Қолдан жасалған және машиналық қаптамалар өздерінің атына сай қызмет етеді. Бірақ, көп партияларға арналған қаптамалар кезінде орап-қаптаудың бұл түрі біркелкілікті қажет етеді. Қолмен жасалған болғандықтан, барлық кітаптарға бірдей қаптамалар жасау мүмкін емес, сондықтан қолдан жасалған қаптамаларды тек жекеленген, арнайы кітаптарға жасау керек.

Шыққан өнімді тапсырыс берушіге жеткізер жолда өрт немесе суға кеткен жағдайдың алдын алу үшін ароматтандырылған картонды қаптама қолданылады. Олардың ішіндегі қоспалар құрамы өнімді аман алып қалуға көмектеседі. Сондықтан, баспагерлердің еңбегі еш кетпеуі үшін орап-қаптауға аса көңіл бөлген жөн.

Томдалған кітаптарды тапсырыс берушіге жіберу үшін әр данаға жеке қаптама жүргізген жөн. Содан кейін ірі жәшіктерге орналастырып жан-жағынан мықтап бекіту қажет. Ал шетелге жіберілетін тапсырыстарға ірі контейнерлер қолданылады.

Қорытынды. Әлемдік тәжірибені зерделеу, орап-қаптау саласы сенімді түрде «аяққа тұратынын» көрсетті. Оны дамыту мемлекет тарапынан реттелуі және бақылануы керек. Орап-қаптау саласы даму кезеңіндегі барлық елдің ерекшелігі болып табылады. Орап-қаптау нарығы дамыған елдерде мемлекеттік деңгейде араласу жоқ десек те болады. Себебі, барлық мәселелерді арнайы мемлекеттік емес уәкілетті ұйымдар – Сауда Өнеркәсіп Палаталары мен орап-қаптау қауымдастықтары айналысып отыр. Қазақстандық орап-қаптау индустриясы-

ның негізгі проблемалары: жергілікті шикізат базасын тиімсіз және жеткіліксіз пайдалану; жаңа технологиялар туралы нашар хабардар болуы және оларды бума өндірушілері мен тұтынушыларының пайдалануы; салада жоғары білікті мамандардың және мемлекеттік қолдаудың болмауы.

Саланы дамыту үшін шешуді талап ететін бірінші дәрежелі міндеттер мыналар болып табылады:

1. Қазақстандық заңнаманың әлемдікпен үйлесуі, Қазақстанның нормативтік базасын әзірлеу және жетілдіру, қолда бар МЕСТ-тер мен стандарттарды әзірлеу және түзетулер енгізу. Бұл бағыттағы жұмыстарды Қазақстандық Стандарттау және Сертификаттау Институты жүргізіп отыр. Дегенмен, мемлекет тарапынан қызығушылық аталған үдерісті жылдамдатып қана қоймай, сонымен бірге аталған нормалар мен стандарттардың болашақ пайдаланушылары мәлімдеген басымдықтарға сәйкес оның тәртібін реттеуге мүмкіндік береді.

2. Халықаралық орап-қаптау ұйымына және қауымдастығына кіру. Бұл қарқынды түрде тәжірибе алмасуға, біздің мамандардың біліктілігін арттыруға, өндіріп отырған буманың сапасын жақсартуға септігін тигізетін еді. Халықаралық қоғамдарға және қауымдастықтарға қатысу республика және басқа қатысушылар арасындағы жақын әріптестік байланысты орнату, әр түрлі елдердегі өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланыстар арқылы Қазақстанның орап-қаптау бизнесінің дамуын ынталандыруы мүмкін, жаңа іскери мүмкіндіктерге жол ашатын болады. Халықаралық ықпалдастыру үшін

жауапкершілікті, сонымен қатар, орап-қаптау бойынша құрылған ұйымға жүктеуге болады.

3. Отандық өндірушіні қолдайтын арнайы бағдарламалар мен жеңілдіктер әзірлеу, өз шикізат базасын игеруге көмектесу, сондай-ақ онымен жұмыс істейтін жергілікті өндіруші өнімінің баға тұрғысынан бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, импорттық шикізатты кіргізген кезде жұмсақтық таныту. Тұтынушылық бума өндірушілері мен тұтынушыларының көбісі мемлекет оларға тиісті көмек көрсетпей отырғанын айтады. Сөйтіп, сұралғандардың 75% мемлекет отандық өндірушілерді қолдамайтынын білдірді.

Бірнеше жылдан соң орап қаптаудың жаңа әдістері қолданылады, бұл дегеніміз мәселен кез келген тұтынушы өзінің тұрақты мекенінде отырып, баспаханаларға бармай-ақ, кез келген бұйымды жасай беруге болатындығы туралы елестетуге болады. Ең әуелі сіз өзіңіз қажет деп тапқан пішінін сканерге түсіріп аласыз да, ол ақпараттан сіз қажет деп тапқан бұйымды принтерден шығарып беретін аппаратқа жібереді. Осылайша, өзіңіз қалаған үлгіні жасатып аласыз. Арнайы аппарат сіз қалаған түсті де сол сәтте көшіріп береді. Барлық адам тұрмысына қажетті және басқа да заттарды дәл осылай жасай алатын болады.

Әлемдік баспа нарығындағы орап-қаптаудың жаңа технологиялары қарқынды дамудың нәтижесінде, барлық қызмет түрі сапалы түрде жүзеге асырылады. Орап-қаптаудың жаңа түрлері Қазақстандағы отандық қолданыстарға қол жеткізген соң, баспа өнімдерінің жаңа тәсілдері қарқынды дами түсетініне кәміл сенеміз.

Әдебиеттер

- 1 Джон Пикок. Книга – от замысла до упаковки. – М., 2000. – 351 с.
- 2 Акулич И.Л. Маркетинг: учебник / И.Л. Акулич. – 3-е изд. – Мн.: Выш. шк., 2008. – 463 с.
- 3 3D принтер технологиясы дамып жатыр. //azattyq.org. 2012 жылы.
- 4 Иванов А.В. Настольная книга маркетолога. -Баканов М.И. Анализ хозяйственной деятельности в торговле: учебник для торговых вузов. – М.: Экономика, 2008. – 352 с.
- 5 «Тара и упаковка» журнал. – №5. – 2008.

References

- 1 Dzhon Pikok. Kniga – ot zamysla do upakovki. – M., 2000. – 351 s.
- 2 Akulich, I.L. Marketing: uchebnik / I.L. Akulich. – 3-e izd. – Mn.: Vysh. shk., 2008. – 463 s.
- 3 3D printer tehnologijasy damyp zhatyr. //azattyq.org. 2012 zhyly.
- 4 Ivanov A.V. Nastol'naja kniga marketologa. – SPb.: Piter, 2004. – 256 s.
- 5 Bakanov, M.I. Analiz hozjajstvennoj dejatel'nosti v trgovle: uchebnik dlja torgovyh vuzov. – M.: Jekonomika, 2008. – 352 s.
- 6 «Tara i upakovka» zhurnal. – №5. – 2008.